

Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы N 22-5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 қантарда N 2518 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы аудан мәслихатының 2015 жылғы 30 қазандағы N 38-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы аудан мәслихатының 30.10.2015 N 38-7 шешімімен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қосымшаланған Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның мәслихатының 2011 жылғы 28 наурыздағы № 24-2 "Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның жеке санаттағы азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешімі күші жойылды деп саналсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіzlіmінде 2011 жылғы 19 сәуірде № 13-5-127 тіркелді, аудандық "Есіл өңірі" газетінде 2011 жылғы 2 мамырда, "Новости Приишимья" газетінде 2011 жылғы 1 мамырда жарияланды).

3. Осы шешім реcми алғашқы жарияланғаннан кейін он құntіzbelіk құnnен кейін қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мұсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"
Солтүстік Қазақстан облысы
әкімінің міндеттін атқарушы
24 желтоқсан 2013 жыл

Б.Искакова

А. Сапаров

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит
Мұсірепов атындағы аудан мәслихатының
2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 22-5
шешімімен бекітілді

Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары

1. Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың осы қағидалары (одан әрі - Қағида), әлеуметтік көмек көрсетудің тіртібін, мөлшерлерін белгілейді
және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:
 - 1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;
 - 2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайының туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;
 - 3) ең төмен күнкөріс деңгейі – облыстағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;
 - 4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;
 - 5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жынытық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;
 - 6) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;
 - 7) уәкілетті орган – "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) уәкілетті ұйым – "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" респубикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін селолық округ әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – Аушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы құндер мен мереке құндеріне ақшалай нысанда Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның әкімдігімен ұсынылатын көмек түсініледі.

4. "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20 бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы құндер мен мереке құндерінің тізбелерін, сондай-ақ жеке санатқа алған Алушыларға әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі мен мөлшері осы Қағиданың 1 қосымшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облыс әкімдігімен келісілген біркелкі мөлшерде белгілейді.

6. Участекілік және арнайы комиссиялар өз қызметін Солтүстік Қазақстан облыс әкімдігі бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

7. Алушылар санатының тізбесі, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімі осы Қағидалардың 2 қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелердің соңғы тізбесі осы Қағидалардың 3 қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 25.12.2014 N N 32-4 шешімімен (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындауды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

9. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек уәкілетті орган немесе басқа да мекемелер ұсынған тізім бойынша Алушылардан өтініштер талап етілмей Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы аудан әкімдігі бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

10. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе округтың, поселок, село әкіміне өтінішке мынадай құжаттарды қосады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін раставтын құжатты;
- 3) осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қызын жағдайдың туындағанын раставтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

11. Құжаттар салыстырып тексеру үшін тұпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың тұпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

12. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияга жібереді.

13. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағиданың 5, 6-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүқтаждығы туралы қорытынды дайындауды және оларды уәкілетті органға немесе ауылдық округ әкіміне жібереді.

Ауылдық округ, поселок, село әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

14. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті

орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

15. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

16. Уәкілетті орган участелік комиссиядан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

17. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

18. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 16 және 17-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

19. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

20. Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

21. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

22. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру ауданның бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік көмегін төлеуді уәкілетті орган екінші деңгейдегі банктер арқылы

алушыларға есептелген сомаларды дербес шоттарына аудару арқылы жүзеге асырады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

23. Әлеуметтік көмек мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) Алушы қайтыс болған;
- 2) Алушы Габит Мұсірепов атындағы аудан шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) Алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) Алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

24. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

25. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 1-қосымша

Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы құндер мен мереке құндерінің тізбесі, атаулы құндер мен мереке құндері алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің еселігі мен мөлшері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 25.12.2014 N 32-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

p/ c №	Алушылар санаттары	Әлеуметтіккөмекмөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
--------------	--------------------	--

15 ақпан – Ауған аумағынан әскерді шыгару күні

1	Бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумактарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кенесшілерді қоса есептегендеге); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуларап жасаган ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кенес әскери құрамына қызмет көрсеткен жарапланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер.	1	5
2	Бұрынғы КСР Одағын корғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жараплануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер.	1	5
3	Басқа елдерде кимыл жасаган әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жараплануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер.	1	5
4	Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жарапанудың, контузия арудың, зақымданудың немесе ауруна шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы.	1	5
5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқада мемлекеттерге жұмыс қажіберілген жұмысшылар мен қызметшілер.	1	5
6	Бұрынғы КСР Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстанда уақытша, болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енбеген жұмысшылары мен қызметшілері.	1	5
8	наурыз – Халықаралық әйелдер күні		
1	"Алтын алқамен", "Күміс алқамен", I және II дәрежелі "Ана Даңқыны" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған көп балалы аналар.	5	
26	сәуір – Чернобыль атом электро стансасындағы апартты еске алу күні		
1	1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апарттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар.	1	5
2	Чернобыль АЭС-індегі апарттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар мен авариялардың, ядролық каруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары.	1	5
3	Чернобыль АЭС-індегі апарттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы.	1	5

4	Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып кайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, азаматтардың, сондай-ак азаматтардың отбасы.	1	5
5	1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зарданартарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (1 өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының курсағынандағы балаларды қоса алғанда.	1	5
9 мамыр – Женіс күні			
1	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері.	5 (2015 жылғы 9 мамырды қоспағанда)	0
2	Қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары.	5	
3	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теніз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар.	5	
4	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар.	5	
5	Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қымылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар.	5	
6	Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жузу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теніз және өзен флотының, Солтүстік теңіз және жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мұдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері әкипаждарының мүшелері.	5	
7	Қоршаудағы кезеңде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен үйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты корғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар.	5	
8	Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрган концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаган бұрынғы тұтқындары.	5	
	Әскери міндеттін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы		

9	салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс кымылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындаудың байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының органдарының басшы және катардағы құрамындағы адамдар.	5
10	1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украина ССР-і, Беларусь ССР-і, Литва ССР-і, Латыш ССР-і, Эстония ССР-і аумақтарында кимыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқаруға кезінде жарапануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар.	5
11	Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасы.	5
12	Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (куйеулери), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа катысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғаған үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде закым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмagan әйелдері (куйеулери).	5
13	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мәнсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар.	5 (2015 жылғы 9 мамырды қоспағанда)
2015 жылғы 9 мамыр – Женіс күні		
1	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері.	1 0 0
2	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мәнсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар.	2 5
7 мамыр – Отанды қорғау күні		
1	Бұрынғы КСР Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндетін өтөу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және катардағы құрам адамдарының отбасы.	5
2	Бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы.	5
31 мамыр – Саяси күғын – сүргін құрбандарын еске алу күні		
1	Бұрынғы КСР Одағы аумағында саяси күғын-сүргіннен тікелей зардал шеккен және қазіргі кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар.	1 5
2	Ата-аналармен немесе олардың орындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоюыс аударуда болған саяси күғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ күғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның	

	колданылуы нәтижесінде ата-анасының қамкорлығының калған саяси 3 куғын-сүргіндер құрбандарының балалары танылады.	
30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні		
1	Қазақстан Республикасына сінірген ерекше еңбекі үшін зейнетакы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесі бар зейнеткерлер, облыстың, қаланың (ауданның) құрметті азаматтары.	1 0

Әлеуметтік көмек көрсетудің, онын мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 2-косымша

Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан қын өмір жағдайы туындағанда әлеуметтік көмек көрсетудің шекті мөлшері, әлеуметтік көмекке жүгінудің мерзімі және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 29.07.2014 N 28-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қүшіне енгізіледі).

№ п/ п	Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан қын өмір жағдайы туындағанда әлеуметтік көмек алушылардың санаттары	Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан қын өмір жағдайы туындағанда әлеуметтік көмек алушылардың санаттары шекті мөлшері	Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан қын өмір жағдайы туындағанда әлеуметтік көмекке өтіну м е р з і м і
1	2	3	4
1	Жетімдер		
2	Ата-ана қамқоршылығынан айрылғандар		
3	Қараусыз кәмелет жасына толмағандар, оның ішінде девианттық мінез-құлығы барлар		
4	Туганнан үш жасқа дейін ерте психофизикалық дамуының мүмкіндігі шектеулі балалар		
5	Тұлғалар организмі қызметінің қатты бұзылуы, ақыл-ой мүмкіндіктерінен және (немесе) физикалық себептер болуы		
6	Әлеуметтік мәні бар ауру және коршаган орта үшін қауіпті аурулар салдарынан тіршілік әрекеті шектеулі адамдар	10 минималды есептік көрсеткіші	Қын өмір жағдайы туган күннен 6 ай ішінде
7	Жасы ұлғайған шакта, ауырган ауру салдарына және (немесе) мүгектікке байланысты өзіне қызмет көрсете		

	алмайтын тіршілік әрекеті шектелген адамдар		
8	Әлеуметтік дезадаптация және әлеуметтік депривацияға экелген қатал ұстаудан азап шеккен адамдар		
9	Баспанасыздар (тұрақты тұратын баспанасы жоқ адам)		
10	Бас бостандығын айыратын жерден босатылған адамдар		
11	Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация есебі қызметінде түрган адамдар		
12	Табиги зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардал шеккендер		
13	1,0 ең төмен күнкөріс деңгей шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысымен Ғабит Мұсірепов атындағы аудан аумағының түрғындары	60 минималды есептік көрсеткіші	Қиын өмір жағдайы туган күннен 6 ай ішінде

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 3-косымша

Азаматтардың мұқтаж санаттырына жатқызу үшін арналған негіздермелердің соңғы тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 29.07.2015 N 37-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

- 1) жетімдік;
- 2) ата-ананың қамқорлықсыз қалу;
- 3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девианттық мінез-құлық;
- 4) кәмелетке толмағандардың ерекше режимде ұстайтын білім беру үйымдарында болуы;
- 5) туганнан үш жасқа дейінгі балаларың ерте психофизикалық дамуы мүмкіндіктерінің шектеулуі;
- 6) дene және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты ағза функцияларының тұрақты бұзулуы;
- 7) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектеулуі;
- 8) жасының егде тартуына байланысты, ауруы және (немесе) мүгедектігі

салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

9) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездік;

10) баспанасызың (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);

11) бас бостандығын айыру орындарынан босату;

12) қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінде есепте тұруы;

13) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру, не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы (қатерлі ісіктің пайда болуы, туберкулездің ауыр түрі, мүгедек балалар);

14) Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы аудан мәслихатымен белгіленген 1,0 ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысының болуы;

15) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектерінің тіс протездеуге мұқтаждығы, (табысты есепке алмағанда ұсынылған шот-фактурасына сәйкес құны мөлшерінде бағалы металлдар мен металлокерамикадан, металлоакрилден жасалған протездерден басқа 2 жылда бір реттен артық емес);

16) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектерінің санаторлық–курорттық емделуге мұқтаждығы, (табысты есепке алмағанда Қазақстан Республикасының санаторийлерінде және профилакторийлерінде санаторлық–курорттық емделу құны мөлшерінде, жылyna бір рет);

17) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектерінің коммуналдық қызметтерді төлеу және отын сатып алу үшін 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы өтемақыға мұқтаждығы;

18) туберкулездің белсенді формасымен ауыратын адамдардың тоқсан сайынғы көмекке мұқтаждығы (табысты есепке алмағанда денсаулық сақтау мекемелерінен анықтама ұсыну бойынша 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде)

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қафидаларына 4-косымша

Отбасыны тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(Өтініш берушінің Т.А.Ә.) (үйінің мекенжайы, тел.)

P/c №	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған жылы

Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____

Отбасының құрамы туралы
мәліметтерді қуәландыруға уәкілетті
органның лауазымды адамының Т.А.Ә. _____
(қолы)

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың қафидаларына 5-
қосымша

Өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты адамының (отбасының)
мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру
АКТИСІ

20__ ж. "___" _____

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____
2. Тұратын мекенжайы _____

3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған
өмірлік қызын жағдай

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____
адам, оның ішінде:

№	P/c	Т.А.Ә.	Тұған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оку орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысу, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) нәмесе жұмыспен қамтуудың белсенең шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірлік қызын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____
адам.

Балалардың саны: _____

жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____
адам, оқу құны жылына _____ тенге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысуышылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысуышыларына және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек)

5. Өмір сүру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше – көрсету керек):

Тұрғын үйді ұстаяға арналған шығыстар:

Отбасының табысы:

Р/с №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т. А. Ә.	Табыс тұрі	Откен тоқсандағы сомасы (тенге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы участке, малы және құсы), саяжай және жер участкесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			тоқсанға	орта есеппен айна	

6. Мыналардың:

автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

казіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) _____

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен
қамтамасыз етілуі _____

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы _____

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым: _____

Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын _____ өтініш
берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы, күні

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың қағидаларына б-
косымша

Участковой комиссии № _____ корытындысы

20 ____ ж. ____

Участковой комиссии Элеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу
және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау
қағидаларына сәйкес өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты
әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар
және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру

нәтижелерінің негізінде

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

адамға (отбасыға) өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты
әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Қорытынды

қоса берілген құжаттармен ____ данада

20 ____ ж. "____" қабылданды

Құжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің немесе
үекілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы _____